

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АРХИВИ

Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде төтенше жағдайлардың алдын алу және жою туралы Нұсқаулық

Құрастырушылар:

Инженерлік – пайдалану қызметінің
басшысы Б.Д Шайлазымов

Архивтік құжаттарды сақтауды
қамтамасыз ету, есепке алу
және цифрлау қызметінің басшысы
Г.О. Бекішева

Қазақстан Республикасы Президенті
Архивінің Басқармасы
2023 жылғы _____
№ 03-111 қаттамасымен келісілді



Алматы, 2023

1. Кіріспе

Объектідегі төтенше жағдай (бұдан әрі – ТЖ) Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің (бұдан әрі – Архив) ғимаратындағы және аумағындағы қауіпті табиғи немесе техногендік құбылыстар, террористік актілер және қасақана жасалған шабуылдар адамдардың қаза болуына, адамдардың денсаулығына зиян келтіруге, архив қорларының жоғалуына және материалдық-техникалық базаның зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін жағдайлар.

Төтенше жағдайлардың алдын алу стратегиясы мен тактикасы адамдарды, архив қорлары мен материалдық құндылықтарды қорғауға, сондай-ақ төтенше жағдайдың ауқымын шектеуге бағытталған.

Архивтегі төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) төтенше жағдай туындаған кездегі іс-қимылдың негізгі ережелері мен тәртібін бақылау, ескерту және байланыс жүйелерін хабарлауды ұйымдастыру, өрт сөндіру шаралары, жер сілкінісі, сел, қасақана шабуылдар мен жарылыс қаупі, атмосфераға улы заттардың шығарылуы кезіндегі іс-шаралардың кезектілігін белгілейді.

Нұсқаулық архивтің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, полиция күзет бекетінің, кіру бюросының қызметкерлеріне арнайы журналға тіркей отырып, беріледі (№ 1 қосымша). Нұсқаулықтың негізінде іс-шаралар жоспары жасалады. Оған ағымдағы өзгерістер мен толықтыруларды енгізу жауапкершілгі белгіленген нысан бойынша орындаушыларды хабардар ететін объекті штабының басшысына жүктеледі (№ 2 қосымша).

Архивтің барлық қызметкерлері Нұсқаулардың негізгі талаптарын және төтенше жағдай кезінде әрекет ету тәртібін егжей-тегжейлі білуге міндетті. Осы мақсатта архив жылына кемінде бір рет жұмысшылардың әртүрлі төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттерін машықтандыру бойынша оқу-жаттықтыру сабақтарын өткізіп тұрады.

Архив директорының бұйрығымен ТЖ жою штабы, өртке қарсы құрылымдар (бұдан әрі – ӨҚК), архив қорларын эвакуациялау тобы құрылады.

Нұсқаулаулық келесі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ресімделеді: «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Заңы; «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2710 Заңы; «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416 Заңы; «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы № 85-II Заңы; «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы; «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ Заңы; «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11

сәуірдегі № 188-V ҚРЗ Заңы; «Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 Қаулысы; 2022 жылғы 1 қаңтардағы «Қазақстан Республикасы Президентіні Архивіндегі күзетілетін объектіге кіру және ішкі режим туралы» қағида; 2014 жылғы 26 маусымдағы № 67 «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 26 маусымдағы № 67 бұйрығы; «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы; «Өрт сөндіруді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 446 бұйрығы; «Өртке қарсы қызмет жарғысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 445 бұйрығы.

Архив ғимараты Алматы қаласы Медеу ауданы, Достық даңғылы 87 б, № 23 сектор, № 2 учаскеде орналасқан.

2. ТЖ жоюды ұйымдастыру

2.1. ТЖ жою бойынша объектінің штаб бастығының міндеттері

Архив директоры жалпы ТЖ жою шараларына басшылық етеді және адамдарды, архив қорларын және материалдық құндылықтарды қорғауға байланысты барлық іс-әрекеттерге жауап береді. Архив директоры ТЖ жою жөніндегі штабтың басшысы болып табылады, ол болмаған кезде штаб басшысының функциялары директордың бұйрығына сәйкес директордың орынбасарларының біріне жүктеледі.

ТЖ орын алған кезде штаб бастығы жалпы жағдайды бағалайды және жауапты тұлғалардан алынған есептерге сүйене отырып, қажетті шараларды іске асыру туралы шешім қабылдайды:

- адамдарды қорғау тәсілдерін анықтайды (жұмыс орындарында қалу, эвакуациялау, дайындық күйіне келтіру);

- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты өкілдігін, архив қызметкерлерін хабардар етеді;

- «дабыл», «ғимараттан шұғыл шығыңыз», «жарық сөндірілді» пәрмендерін хабарлайды;

- өрт сөндіру, медициналық, авариялық-құтқару қызметтерінің көмегіне мұқтаждық деңгейін анықтайды;

- ӨҚҚ күштерімен болмашы сипатта болған төтенше жағдайларды жоюды ұйымдастырады;

- объектінің, құрылғылардың (ауа баптау жүйесі, СОМ жүйесі, серверлік жабдық, компьютерлер) жұмысын толық немесе ішінара тоқтату, электр қуатын өшіруді жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасы Президентінің Кеңесіне ТЖ және оларды жою бойынша қабылданған шаралар туралы хабарлайды;

- командалық пунктті құрады және координаторлардан тұратын штабтың жұмысын ұйымдастырады:

• **құрал-жабдықтар мен материалдық құндылықтар бойынша** – Инженерлік-пайдалану қызметінің басшысы (алмастырушы – Инженерлік-пайдалану қызметінің бас инженері);

• **қызметкерлердің қауіпсіздігі бойынша** – директордың осы салаға жетекшілік ететін орынбасары (алмастырушы – Инженерлік және пайдалану қызметінің басшысы);

• **архив қорлары бойынша** – директордың осы салаға жетекшілік ететін орынбасары (алмастырушы – Архивтік құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету, есепке алу және цифрлау қызметінің басшысы);

• **авариялық-құтқару қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау үшін** – Оқу-әдістемелік орталығының басшысы (алмастырушы – өткізу бюросының кезекшісі);

• **тіркеуші** – Ұйымдастыру-кадрлық және құқықтық жұмыс қызметінің басшысы (алмастырушы – Ұйымдастыру-кадрлық және құқықтық жұмыс қызметінің аға сарапшысы);

• **диспетчер** – Инженерлік-пайдалану қызметінің басшысы (алмастырушы – Инженерлік-пайдалану қызметінің бас инженері);

• **террористік актілер мен қасақана шабуылдар кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін** – Ұйымдастыру-кадрлық және құқықтық жұмыс қызметінің басшысы (алмастырушы – ақпараттық қауіпсіздік саласындағы Ұйымдастыру-кадрлық және құқықтық жұмыс қызметінің аға сарапшысы).

2.2. ТЖ орын алған жерде ТЖ жою бойынша координаторлардың міндеттері

2.2.1. Координаторлар штаб басшысының тапсырмасы бойынша жүктелген міндеттердің толық орындалуын қамтамасыз етуге, оған іс-шаралардың барысы және төтенше жағдайдың салдарын жою туралы хабарлауға және жазбаша есеп дайындауға міндетті.

2.2.2. **Жабдық пен материалдық құндылықтар бойынша координатор** электр қуатын, жабдықты және басқа коммуникацияларды өшіруді қамтамасыз етеді, қауіпсіздік ережелерін сақтау, өртке қарсы іс-қимыл бойынша іс-шараларды басқарады, өрт сөндіру қызметіне ғимараттағы электр және су құбырларының орналасуы туралы ақпарат береді, апаттық жағдайда жарықтандыру, телефон байланысы және дабыл жүйелерінің жұмысын қамтамасыз етеді. Апаттық-құтқару қызметтерін эвакуациялау жоспарымен қамтамасыз етеді және ғимараттағы және Архив аумағындағы барлық авариялық шығу жолдары мен есіктерінің уақтылы ашылуына жауап береді.

2.2.3. **Қызметкерлердің қауіпсіздігі жөніндегі координатор** жұмыс кабинеттерінде ТЖ жоюды, адамдарды қауіпсіз жерге және жиналу пункттеріне көшіруді, көлікпен, азық-түлікпен қамтамасыз етуді, қызметкерлерді есепке алуды қамтамасыз етеді. Архив қызметкерлеріне жеке қорғаныс құралдарын қолдану бойынша кеңес береді және алғашқы медициналық көмек көрсетеді.

2.2.4. **Архив қорлары жөніндегі координатор** архив қоймаларындағы ТЖ жоюды, аса құнды құжаттарды және микрокөшірмелердегі сақтандыру қорын эвакуациялауды қамтамасыз етеді, оларды қауіпсіз жерге орналастырады, құжаттардың бар-жоғын есепке алуды және оларды қорғауды ұйымдастырады.

2.2.5. **Авариялық-құтқару қызметтерімен өзара іс-қимыл жөніндегі координатор** штаб пен авариялық-құтқару қызметтері арасындағы байланыс және ақпарат алмасуды реттеуді қамтамасыз етеді, олардың кездесуін және объектішілік бағдар алуын жүзеге асырады.

2.2.6. **Тіркеуші** ТЖ (уақытты, берілген бұйрықтарды, орындалған әрекеттерді көрсету, төтенше жағдайды құжаттау, төтенше жағдай кезіндегі жедел жиналыстардың хаттамаларын жүргізу) тіркеуге жауапты.

2.2.7. **Диспетчер** координаторлардың жұмысының тиімділігі мен үйлесімділігін бақылайды. Штабқа ағымдағы жағдай туралы жедел ақпарат береді. Үйлестірушілерге төтенше жағдайларды жою әрекеттерінің міндеттері мен тактикасы бойынша нұсқау береді және жоспарға қажетті түзетулер енгізеді.

2.2.8. **Террористік актілер мен қасақана шабуылдар бойынша қауіпсіздік координаторы** Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлардың аумақтық органдарымен жедел байланыс орнатады және объектішілік бағдар бойынша мәліметтерді береді,. Қауіпті заттар мен күдікті адамдарды анықтау бойынша қызметкерлерге нұсқау береді.

2.3. Командалық пункт

Командалық пункт жеке кабинетте орналасады, телефон және радиобайланыс құралдарымен, отқа төзімді сейфпен, жиһазбен, авариялық жарықтандырумен жабдықталған.

«Дабыл» дауыстық хабар беруді басқару ғимаратқа кіруге рұқсат беру бюросы алаңындағы күзет бекетінен басқарылады.

Командалық пунктте келесі құжаттама толық қолжетімді және тұтас сақталуы керек:

- ағымдағы Нұсқаулық;
- эвакуациялау жоспары;
- объектінің жалпы схемасы;

- жанғыш материалдардың, химиялық заттардың құрамының сипаттамасы және төменгі тұтанғыштық шегі көрсетілген ақпарат, саны, сақтау орны туралы мәліметтер;
- ӨҚҚ тізімі, архивтік қорларды эвакуациялау топтары;
- қызметтік кабинеттерінің нөмірлері, телефондары, тұрғылықты мекенжайлары көрсетілген Архив қызметкерлерінің тізімі;
- көлік құралдарының қажеттілігінің есептері, жүру маршруттары (эвакуация кезінде);
- аса құнды істер мен сақтандыру қорының тізімдері, олардың орналасқан жерінің топографиялық көрсеткіштері;
- ТЖ жою жоспарын беруді тіркеу журналы (№ 3 қосымша);
- орналасқан жерлері көрсетілген өрт сөндіру құралдарының тізімі (№ 4 қосымша).

3. ТЖ кезіндегі қызметкерлердің бірінші кезектегі әрекеттері

ТЖ немесе оның алғышарттарын анықтаған архив қызметкері:

- қауіпсіз жерге шығуға;
- ТЖ анықталғаны туралы тікелей басшысына, Архив директорына немесе оның орынбасарларына дереу, анық және нақты (ауызша / телефон арқылы) хабарлауға;
- қалыптасқан жағдай туралы қысқаша ақпарат беруге;
- өзінің аты-жөнін айтуға, өзінің жағдайы мен тұрған жері туралы, сондай-ақ көрсетілген аумақта орналасқан басқа да қызметкерлер туралы ақпарат беруге;
- байланыста болуға және нұсқауларды күтуге міндетті.

4. ТЖ кезіндегі іс-шаралар

4.1. Түнде және демалыс күндері өрт кезіндегі іс-шаралар

Күзет бекетінің полицейі күзет және өрт сөндіру пультінің көрсеткіштерін қадағалап, Архив ғимаратын аралайды. Қашықтан басқару пультінде «дабыл» естілсе немесе түтін иісі байқалса, ол дереу:

- өрттің уақыты мен болжамды орнын немесе бағытын жазады;
- өртке қарсы қызмет бойынша кезекшіге хабарлайды;
- механиктерге (операторларға) ауаны баптау жабдығын өшіру және ауа өткізгіш тетіктерін жабу қажеттілігі туралы хабарлайды;
- телефон арқылы архив директорына немесе оның орынбасарларына жағдайды хабарлайды.

Өрт сөндіру қызметінің кезекші қызметкері өртті локализациялау бойынша алғашқы шараларды қабылдайды, жағдайды бағалайды және өрттің одан әрі таралу қаупі болған жағдайда өртке қарсы қызмет бөлімшесін шақырады.

Өртті сөндіргеннен кейін полиция және өртке қарсы қызмет қызметкерлері жазбаша акт жасап, Архив директорына тапсырады.

4.2. Жұмыс уақытында өрт кезіндегі әрекеттер

Өртті анықтаған қызметкер дереу өртке қарсы қызметтің кезекшісіне, архив басшылығына хабарлайды, директордың, үйлестірушінің немесе тікелей басшының нұсқауы бойынша жабдықтарды электр желісінен ажыратады және өртті сөндіруге кіріседі, егер өртті портативті өрт сөндіргіштің көмегімен оңай сөндіруге болатын жағдайда.

Қатты жанғыш материалдардың, соның ішінде қағаз құжаттарының («А» өрт санаты), сұйық жанғыш заттардың («В» өрт санаты), тұтанғыш газдардың («С» өрт санаты) және 1000 В-қа дейін кернеуі бар электр жабдықтарының («Е» өрт санаты) өрттерін сөндіру үшін ұнтақты ОПУ-5 өрт сөндіргіші қолданылады.

ОУ-5 көмірқышқылды өрт сөндіргіштері оттегісіз жануы мүмкін емес әртүрлі заттардың, кернеуі 10 000 В дейінгі электр қондырғыларының өрттерін сөндіру үшін қолданылады.

Өртке қарсы қызмет бекетінің кезекшісі өртті локализациялау бойынша алғашқы шараларды қабылдайды, жағдайды бағалайды, өрттің одан әрі таралу қаупі туындаған жағдайда Архив басшылығына баяндайды және өртке қарсы қызмет бөлімшесін шақырады.

Ауқымы үлкен өрт болған жағдайда Архив директоры үйлестірушілерге қажетті іс-әрекеттер бойынша нұсқаулар береді. Жергілікті ескерту жүйесі «дабыл» сигналын береді және электр қуатын, жабдықты және ауа баптау қондырғыларын өшіреді.

Барлық қызметкерлер дереу ғимараттан эвакуацияланды. Үйлестірушілер ӨҚҚ-мен бірлесіп, жүктелген міндеттерді бөлуге сәйкес іс-шараларды жүзеге асырады, сондай-ақ өртке қарсы қызмет бөлімшелері келгенге дейін адамдарды, мүлікті құтқару және өртті сөндіру үшін барлық мүмкін шараларды қабылдайды.

Өртті сөндіргеннен кейін ТЖ жою іс-шарасын басқарушы өрт қайталанбайтынына көз жеткізіп, «тоқтат» пәрменін береді.

Өрт сөндіргеннен кейін жедел кеңес өткізіледі, онда үйлестірушілер қабылданған шаралар туралы баяндайды, өртке әкеп соқтырған себептер мен жағдайларды анықтау үшін қызметтік тексеру жүргізудің жоспары белгіленеді, залал мөлшері бағаланады және акт толтырылады. Тергеу аяқталғанға дейін өрттен қалған барлық заттар мен заттай айғақтар бүлінбей қалуы керек.

4.3. Жер сілкінісі кезіндегі шаралар

Архив Достық даңғылының бойымен өтетін тектоникалық бұзылу сызығында, сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқан.

4.3.1. Жер сілкінісі қаупі кезіндегі шаралар

Қалалық ескерту жүйесі арқылы ықтимал жер сілкінісі қаупі туралы хабарланса, төтенше жағдайлар органдарының барлық бұйрықтары мен ұсыныстарын орындау керек. Архив директоры жергілікті ескерту жүйесі арқылы «дабыл» пәрменін береді. Архив қызметкерлері үй-жайларда қауіпсіз орындарға жиналып, қосымша нұсқауларды күеді. Үйлестірушілер командалық пунктке жиналып, мүмкін болатын әрекеттер туралы нұсқаулар алады:

- жұмысты тоқтату, адамдарды ғимараттан эвакуациялау немесе оларды орналасқан орнында қорғауды қамтамасыз ету туралы. «Дабыл» сигналы берілген кезде **«А» корпусында** (әкімшілік ғимарат) орналасқан қызметкерлер орталық кіреберіс арқылы шығып, Оқушылар сарайының саябағына жиналады. **«С» корпусында** (зертхана ғимараты) орналасқан қызметкерлер қосалқы шығу есіктері, аула қақпасы арқылы шығып, сауда орталығының жанындағы учаскеге жиналады, кездесу орны арнайы сәйкестендіру белгісімен көрсетіледі;

- электр қуатын, сумен жабдықтауды, жабдықтарды, ауа баптау қондырғыларын өшіру туралы;

- аса құнды құжаттардың сақтандыру көшірмелерін эвакуациялау туралы. Архив қорларын эвакуациялау тобы бірінші кезекте жертөледе орналасқан № 93 қоймадан және бірінші қабатта орналасқан № 92 қоймадан сақтандыру қорының көшірмелерін шығарады. Егер құжаттарды басқа мекенжайға эвакуациялау мүмкіндігі болған жағдайда сақтандыру қоры Қ. Сәтпаев көшесіне шығарылып, қауіпсіз жерге орналастырылады. Ғимараттан тыс жерде орналасқан құжаттарды қорғау Архивтік құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету, есепке алу және цифрлау қызметіне жүктеледі (іс-қимылды архив қорлары бойынша іс-қимылды үйлестіруші басқарады);

- материалдық құндылықтарды эвакуациялау туралы. Эвакуациялау туралы тиісті пәрмен болған жағдайда алдымен ең қымбат және шағын көлемді құрылғылар мен мүлік (компьютер, сервер құрылғылары, көшірме құрылғылары және т.б.) ғимараттан шығарылады.

4.3.2. Жер сілкінісі кезіндегі әрекеттер

Жер асты дүмпулері басталған жағдайда, ең алдымен, тыныштық сақтау және дүрбелең тудырмау керек. Егер жер сілкінісінің күші төмен болса, оны орнында күткен дұрыс. Күшті жер сілкінісі болған жағдайда (тербеліс күші бес бал немесе одан да көп) және сіз екінші немесе одан жоғары қабаттағы бөлмеде болсаңыз, бөлмеден шығуға әрекет жасамаған дұрыс. Бөлмеде қауіпсіз орын тауып алу керек: ішкі қабырғаның жанында, бұрышта, есіктің алдында, тірек бағанасының жанында, мүмкіндігінше берік үстелдің астында. Терезелерден және ауыр жиһаздардан аулақ болу керек. Жер асты дүмпулері кезінде лифт қолдануға немесе баспалдақ алаңдарына шығуға тыйым салынады. Мүмкіндігінше электр жабдықтарын

қуатсыздандыру қажет. Көшеде болған кезде ғимараттар мен электр желілерінен алыс, ашық жерде тұру керек, ғимаратқа қайта кіруге тыйым салынады.

4.3.3. Жер сілкінісінен кейінгі әрекеттер

Жер сілкінісінен кейін қызметкерлер ТЖ қызметі органдарының барлық бұйрықтары мен ұсыныстарын орындауы керек. Архив директоры үйлестірушілермен ағымдағы жағдайды бағалайды және бірінші кезектегі міндеттердің орындалу кезегін анықтайды:

- ӨҚҚ күшімен қауіпті аймақтарды (қабырғалардағы жарықтар, қираулар, ғимараттағы электр, су және жылу коммуникацияларының үзілуі) анықтай отырып, жер сілкінісінің салдарын барлауды жүзеге асыру;

- адамдарды қабылдау пункттеріне немесе басқа да қауіпсіз орындарға апаруға, тізім бойынша түгендеу жұмыстарын жүргізуге, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуге және оларды емдеу мекемелеріне немесе эвакуациялау пункттеріне жеткізу;

- Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен, ТЖ органдарымен байланыс және өзара іс-қимыл орнату.

Ең жақын орналасқан жинау орындары:

- тұрғындар – Ғ. Мұратбаева атындағы Оқушылар сарайының жанындағы алаң (Достық даңғылы, 114);

- санитарлық шығындар – №5 қалалық клиникалық аурухана (Достық даңғылы, 220);

- орны толмас шығындар – АОСК спорт кешенінің стадионы (Самал-1 шағын ауданы).

Құтқару күштерін нығайту үшін азаматтық қорғаныс полкінің сарбаздары мен инженерлік техникасы тартылуы керек.

4.5. Атмосфераға улы газ немесе улы заттар тараған кездегі іс-әрекеттер

Қалалық ескерту жүйесі арқылы улы газдың немесе улы заттардың ауаға таралуы қауіпі туралы хабарлама түскен жағдайда, ТЖ органдарының барлық бұйрықтары мен ұсыныстарын орындау қажет. Архив директоры жергілікті ескерту жүйесін пайдалана отырып, «дабыл» сигналының пәрменін береді және адамдардың ғимаратта қалу қажеттігі туралы хабарлайды.

Архив қызметкерлері үй-жайларда қауіпсіз орындарға орналасып, қосымша нұсқауларды күтеді. Кондиционерді дереу өшіріп, терезе, есіктердегі жарықтар мен саңылауларды мықтап жабу керек.

Бөлмеге газдың иісі кіріп кеткен жағдайда, қорғаныс құралдарын (респираторлар, дәке таңғыштарын) пайдалану қажет, олар жоқ болса, тыныс алу мүшелерін дымқыл материалмен немесе киіммен жабу керек. Уланудың

алғашқы белгілерінде (бас айналу, жүрек айнуы, есін жоғалту) зардап шегушіні оқшауланған жерге көшіру арқылы алғашқы көмек көрсету керек.

Архив директоры ІІМ органдарының, ТЖ департаментінің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, үйлестірушілермен ағымдағы жағдайды бағалайды және алғашқы орындалатын міндеттерді анықтайды:

- адамдарды қауіпсіз жерге апару арқылы эвакуациялау;
- зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету;
- жұмысты тоқтату және электр қуатын, сумен жабдықтауды, құрылғыларды, ауа баптау қондырғыларын өшіру;
- ТЖ кезінде ғимаратты мамандандырылған күзетуді ұйымдастыру.

4.6. Сел қаупі кезіндегі іс-әрекеттер.

Архив ғимараты сел қаупі бар аймақта (Кіші Алматы өзені) орналасқан. Сел қаупі кезіндегі іс-әрекеттер жер сілкінісі кезіндегі әрекеттерге ұқсас.

Егер сел қаупі төнсе, эвакуациялауға уақыт болмаса, есік-терезелерді мықтап жауып, қауіпсіз жерлерге (ғимараттың жоғарғы қабаттарына) көтерілу қажет. ТЖ-да эвакуациялау кезінде қызметкерлерге ғимараттан өз бетінше шығуға тыйым салынады, адамдар ұсынылған аумаққа бұйрық бойынша ғана эвакуацияланады. Лай көшкінінен кейін аман қалғандар дереу зардап шеккендерді іздеуге және шығаруға, оларға алғашқы медициналық көмек көрсетуге, жолдарды тазартуға және бірінші кезектегі қалпына келтіру жұмыстарына кірісуі керек.

4.7. Терроризм актіні жасау қаупі туындаған кездегі архив қызметкерлерінің іс-әрекеттері

4.7.1 Терроризм актісінің қаупі төнген кездегі Архив қызметкерлерінің әрекеттері (телефон / электрондық пошта / жазбаша хабарлама бойынша):

Террорлық талаптарды ойланбастан іске асыру ауыр зардаптарға әкелетінін білу қажет. Оларды саналы түрде орындау арқылы үлекен қауіп-қатерден сақтануға болады.

Ықтимал лаңкестік әрекеттер туралы анонимді телефон хабарламасын қабылдау кезінде мұндай қоңырауларда маңызды ақпарат болатындын есте ұстаған жөн. Сондықтан анонимді адаммен сөйлескенде мүмкіндігінше көбірек ақпаратты есте сақтау және жазып алу қажет: күнін жазып алу, жасырын қоңыраудың уақыты мен ұзақтығы; қоңырау келіп түскен телефонның орнын, оның нөмірін, нақты қандай құрылымдық бөлімшеге және қызметкерге тиесілі екендігін.

Анонимді қоңырауды алған кезде сіз анонимді адаммен «әңгімелесуді бастауға» әрекет жасап, оның жеке басы, кәсібі, орналасқан жері туралы

нақты ақпаратты білуге және оны жоспарланған әрекеттен өз еркімен бас тартуға көндіруге тырысуыңыз керек.

Телефон арқылы терроризм актісін жасау қаупі туындаған кездегі қызметкерлердің әрекеттері:

- әрбір кіріс телефон қоңырауына жауап беру;
 - жарылыс қаупі немесе жарылғыш құрылғының бар екендігі туралы телефон хабарламасын алғаннан кейін үрейленбеу;
 - ұстамды және сыпайы болу, сөйлеушінің сөзін бөлмеу;
 - телефоныңызда дыбыс жазатын құрылғы болса, әңгімені жазып алу керек;
 - осы қауіп туралы жеке құрамның немесе объектінің күзет қызметінің жақын жердегі қызметкеріне дереу хабарласуға тырысыңыз, ол мүмкіндігінше сол уақытта полицияның жедел кезекшісіне және Ұлттық қауіпсіздік органының кезекшісіне төнген қауіп пен болжамды террорист қоңырау шалған телефон нөмерін хабарлауға міндетті;
 - кіріс телефон қоңырауы туралы басқа телефоннан тиісті органдарға хабарлау;
 - телефон арқылы алынған ақпаратты құқық қорғау органдарына және нысан басшысына дереу жеткізуді қамтамасыз ету;
 - қажет болған жағдайда адамдарды эвакуациялау жоспары бойынша эвакуациялау;
 - жедел тергеу тобының, кинологтардың және т.б. арнайы қызметтердің кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.
- Құқық қорғау органдарына лаңкестік актінің алдын алуға және қылмыскерлерді іздестіруге келесі іс-шаралар үлкен септігін тигізеді:
- әңгімені сөзбе-сөз есте сақтауға және оны қағазға түсіруге тырысыңыз;
 - әңгіме өрбіген сайын қоңырау шалушының жынысына, жасына және оның сөйлеу ерекшеліктеріне назар аудару;
 - дауыс; қатты/тыныш, төмен/жоғары;
 - сөйлеу жылдамдығы; жылдам/баяу;
 - айтылуы: нақты, қарлыққан, кекештену, кекештеніп сыбырлаңқырап, екпінмен немесе диалектімен;
 - сөйлеу мәнері: сыпайы, келекемен, әдепсіз сөздермен.
 - дыбыстық фонға міндетті түрде назар аударыңыз (*автомобильдер немесе теміржол көлігінің шуы, теледидар немесе радиотехниканың дыбыстары, дауыстар және т.б.*);
 - қоңыраудың сипатын белгілеу (стационарлық, ұялы немесе қалааралық);
 - кез келген ақылға қонымды сылтаумен оны қоңырауды қайталауға сендіруге тырысыңыз;
 - әңгіменің нақты басталған уақытын және оның ұзақтығын жазып алуды ұмытпаңыз.

Қоңырау шалушыдан сізге және сіздің басшылығыңызға шешім қабылдау немесе кез келген әрекетті орындау үшін мүмкіндігінше көбірек уақыт алуға тырысыңыз.

Мекеме басшылығына мүмкіндігінше бірден сөйлесу кезінде орын алған жағдай туралы хабар беріңіз немесе телефон хабарламасы аяқталған кезде дереу хабарласыңыз.

Әңгімелесу фактісі мен оның мазмұны туралы көпшілікке айтпаңыз. Алынған ақпараты білетін адамдардың санын мүмкіндігінше шектеңіз.

Егер сізде автоматты нөмір идентификаторы (ANI) болса, анықталған телефон нөмірін жазып алыңыз, бұл оның кездейсоқ өшіп қалған жағдайда қажет болады.

Сабырлы, сыпайы болыңыз және сөйлеушінің сөзін бөлмеңіз. Бар болса, дыбыс жазу жабдығын қосыңыз (егер ол телефонға қосылған болса). Сөйлесуді толығымен жазу үшін телефон құрылғысының сапасыздығын алға тартыңыз.

Дыбыс жазу жабдығын пайдаланған кезде сөйлесу жазбасы бар кассетаны немесе ЭСҚ (электрондық сақтау құралы) дереу алып тастаңыз және оның сақталуын қамтамасыз ету шараларын қолданыңыз. Оның орнына басқа кассета немесе ЭСҚ орнатуды ұмытпаңыз.

Ыңғайлы болу үшін телефон арқылы қауіп келген кезде мына көрнекі кестені пайдалануға болады:

	Қойылатын сұрақтар:	Қоңырау шалушының дауысы	
1.	Бұл адам қайда, кімге, қандай телефон арқылы қоңырау шалып жатыр?	Сабылры	Мұрын асты
2.	Жарылғыш құрылғы қашан жарылады?	Толқып	Кекештеніп
3.	Бір жарылғыш құрылғы ма, әлде бірнеше ме?	Баяу	Сыбырлау
4.	Қазір қайда орналасқан?	Тез	Сықырлаған дыбыстар
5.	Ол неге ұқсайды?	Ақырын	Төмен дауыс
6.	Бұл жарылғыш құрылғының қандай түріне жатады?	Қатты	Дірілдеу
7.	Жарылыс неден пайда болады?	Күлу	Жөтеліу
8.	Сіз жарылғыш құрылғыны орнаттыңыз ба?	Жылау	Терең демалуда
9.	Неліктен? (немесе) қандай мақсатта жарылғыш құрылғы қойылды?	Орташа	Жаңғырық
10.	Қауіптің сипаты және оны жүзеге асыру уақыты қашан (анонимді түрде неғұрлым көп ақпарат алуға	Айқын	Жасырын

	көндіруге тырысу)?		
11.	Сіздің мекен-жайыңыз қандай?	Түсініксіз	Акцентпен
12.	Сіздің атыңыз кім?	Ашуланған	Таныс
13.	Сіздің талаптарыңыз қандай? Сіз жеке талаптарыңызды қоясыз ба, делдал ретінде әрекет етесіз бе, әлде белгілі бір тобының өкілісіз бе?		
14.	Қандай жағдайларда өз жоспарыңыздан бас тартуға келісесіз?		
15.	Сізбен қалай және қашан байланысуға болады?		
16.	Бұл қоңырау туралы кімге хабарлауға болады немесе хабарлау керек?		

Қауіптің сөзбе-сөз тұжырымы	Фондық шу	_____
_____	Көшенің шуы	Зауыт
_____	Ыдыс-аяқ	Жануарлар
_____	Дауыстар	Кедергісіз
_____	Дауысты	Статика
_____	ұлғайтқыш	Жергілікті қоңырау
_____	кұрылғы	Қалааралық қоңырау
_____	Музыка	Телефон буткасы
_____	Тұрмыстық шу	Ұялы телефон
_____	Мотор	Басқалары
_____	Кеңсе	

Жынысы: ер _____ әйел _____ нәсіл _____ жасы _____ тілі _____

Қоңырау ұзақтығы _____ Күні _____ Уақыт _____ Дұрыс сөйлейді

Түсініксіз; Дөрекі сөйлеуде; Мәтін жазылды.

Жазбаша түрдегі қауіптер объектіге пошталық және / немесе электронды арналар арқылы немесе анонимді материалдардың әртүрлі түрлерінің (*жазбалар, хат, электронды тасымалдағышта жазылған ақпарат және т.б.*) табылуы нәтижесінде келіп түсуі мүмкін.

Бұл ретте ұйым қызметкерлері анонимді материалдармен жұмыс істеу ережелерін қатаң сақтауы қажет.

Террорлық қауіп-қатерлерді қамтитын анонимді материалды алған кезде оны мүмкіндігінше мұқият ұстаңыз, оны таза, тығыз жабылатын полиэтилен пакетке салыңыз және бөлек қатты бумаға салыңыз.

Онда өзіңіздің саусақ іздерін қалдырмауға тырысыңыз.

Егер күдікті құжат конвертте келсе, конверт тек сол немесе оң жағындағы қапталдан шеттерін қайшымен мұқият кесу арқылы ашылады.

Барлығын сақтаңыз: мәтіні бар құжаттың өзі, кез келген қосымшалар, конверт және қаптама, ештеңені тастамаңыз.

Құжаттың мазмұнымен таныс адамдар шеңберін кеңейтпеңіз.

Құқық қорғау органдарына анонимді материалдарды ілеспе хатпен жіберіңіз, онда анонимді материалдардың нақты сипаттамалары (*түрі, саны, олар қандай жолмен және немен орындалғаны, мәтін қандай сөздермен басталып, қандай сөздермен аяқталатыны, қолтаңбалардың бар-жоғы*), сондай-ақ оларды таратуға, табуға немесе алуға қатысты мән-жайлар көрсетілуі тиіс.

Анонимді материалдарды бір-біріне тігуге, желімдеуге, мәтіннің белгілі бір жерлеріне қол қоюға, астын сызуға немесе шеңберге салуға, қаулылар мен нұсқаулықтарды жазуға, мыжуға немесе бүктеуге, жууға және қайыруға болмайды.

Ілеспе құжаттардағы қаулылар мен басқа да жазуларды ресімдеу кезінде анонимді материалдарда із қалмауы керек.

Тіркеу мөрі ұйымның ілеспе хаттарына және уәкілетті органдарға жасырын материалдарды берген азаматтардың өтініштеріне ғана қойылады.

а) Алдын алу шаралары:

- экспедиция мен хатшылықпен (хатшылармен) барлық түсетін ауысым өнімдерін мұқият қарап шығу, магниттік таспаларды тыңдау, электронды тасымалдағыштарды қарау;

- сәлемдемелерге, үлкен пакеттерге, қаптамаларға және т.б., соның ішінде жарнамалық брошюраларға ерекше назар аудару керек.

Тексерудің мақсаты – лаңкестік әрекет қауіпі туралы ықтимал хабарламаны жіберіп алмау.

Нысананың кеңсесіне келіп түскен хаттар мен сәлемдемелерді сырттай қарау кезінде пошта жөнелтімі ішінде жарылғыш құрылғының немесе басқа да жарылғыш заттың болуы мүмкін белгілеріне назар аудару қажет.

а) **Күдік тудыратын хаттардың (сәлемдемелердің) белгілері;**

- күтпеген хат алмасу;

- почталық қаптаманы қолмен дайындалғандығы, стандартты емес қорап, қап немесе конверт, кәсіби емес бума әдісі, тұрмыстық желім немесе электр оқшаулағыш таспаларды, қосымша желімді пайдалану;
- әдеттен тыс ауыр салмақ және пошта жөнелтілімінің ішкі қуысының біркелкі емес толтырылуы;
- қайтару мекенжайы жоқ, мекенжайы дұрыс емес, адресінің жазылуындағы қателер, адресат қате көрсетілген;
- стандартты емес, салмағы, өлшемі, пішіні, бүйірлері біркелкі емес, жабысқақ таспамен жабыстырылған;
- пошта маркаларының санының тым көп болуы, ерекше жазулардың болуы («жеке», «осы жерден аш», «құпия» және т.б.), блокта жөнелтуші мен алушының мекенжайы жазуларының ресімделуі немесе әріптер немесе газет мәтінінің қиылған әріптерін жапсыру арқылы берілуі;
- орауыштардың жыртылуы және жыртылған жерлерден шығып тұрған оғаш заттар (*фольга, электрлік коммутация өнімдері және т.б.*), сондай-ақ басқа да жарылғыш заттарға ұқсайтын бөлшектердің болуы.
- біртүрлі иісі, түсі бар, пошта жөнелтілімдеріне тән емес конверттерде салынған оғаш форманың болуы;
- пошталық жөнелтілімнің ішінде оны аударған кезде анықталатын сусымалы заттардың болуы;
- пошталық жөнелтілімнің ішінде жарылғыш құрылғының құрылымдық элементтері болуы мүмкін металл заттардың, сымдардың, ток көздерінің болуы;
- ішінде жоғарыда айтылғандарға сәйкес қасиеттері бар заттардың бар екендігін көрсететін бетіндегі май және басқа да дақтар;
- жөнелтушінің қайтару мекенжайының болмауы немесе пошта компаниясының мөрі бойынша нақты жөнелту орнына сәйкес келмеуі;
- пошта бөлімінің сәйкес мөрлері немесе маркалары жоқ.

Құрамында белгісіз заттар (*ұнтақ, сұйықтық немесе аэрозоль түрінде*) бар күдікті ыдыстар анықталған жағдайда:

- ыдысты, қапты, контейнерді және т.б. заттарды өз бетіңізбен ашуға тырыспаңыз;
- мүмкіндігінше күдікті хатты немесе сәлемдемені қолыңызға алмаңыз;
- осы факті бойынша Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың, ТЖ министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің аймақтық органдарына хабарлаңыз;
- күдікті поштаның басқа хаттар мен сәлемдемелерден оқшауланғанына көз жеткізіңіз;
- күдікті хат-хабар табылған үй-жайда желдету жүйесі болған және қаптаманың бүтіндігі бұзылған жағдайларда ғимараттың желдету жүйесіне белгісіз заттардың түсу мүмкіндігін болдырмау шараларын қабылдау;

– мамандар келгенге дейін күдікті ыдыстар мен заттарды жабық контейнерлерге салыңыз (*толық жабылатын қақпағы бар шыны ыдыс немесе көп қабатты пластик пакеттерге*). Теріні (резеңке қолғаптар, полиэтилен пакеттер) және тыныс алу жолдарын (респиратор, мақта-дәке таңғыш) қорғау мақсатында қол жетімді жеке қорғаныс құралдарын пайдалану керек;

– мамандар келгенге дейін герметикалық жабылған контейнерлерді балалардың қолы жетпейтін және үй жануарларынан оқшау жерде сақтаңыз;

– күдікті заттармен тікелей байланыста болған барлық адамдардың тізімін (олардың мекенжайлары, телефондары) жасау;

– күдікті заттармен байланыста болған адамдар жеке гигиена шараларын (қолды сабынмен жуу, мүмкіндігінше душ қабылдау) және медицина қызметкерлерінің аурудың алдын алу бойынша ұсыныстарын қатаң сақтауы керек.

4.7.2. Террористер тұтқындарды кепілге алған кезде

а) Алдын алу шаралары:

Бұл жалпы сипаттағы шаралар және қырағылықты арттыруға, қатаң кіру режимін, түрлі мақсаттағы бақылау және дабыл жүйесін орнатуға бағытталған.

Сонымен қатар, ұйымның персоналына осындай жағдайларда әрекет ету үшін нұсқаулық беріліп, оқытылуы керек. Мұның бәрі ұйымның аумағында және орналасқан жерінде адамдарды тұтқынға алу ықтималдығын белгілі бір дәрежеде азайтуға көмектеседі.

б) Тұтқындарды кепілге алу кезіндегі әрекеттер:

Тұтқындар кепілге алынған кезде штаб келесі әрекеттерді орындайды:

– орын алған жағдайды құқық қорғау органдарына дереу хабарлайды;

– өз бастамасы бойынша террористермен келіссөздерге бармайды;

– адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірумен байланысты болмаған жағдайда қылмыскерлердің талаптарын мүмкіндігінше орындау қажет;

– қылмыскерлерді қару қолдануға алып баратын арандатуға, адам шығынына әкелетін әрекеттерге жол бермеу;

– Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлеріне қажетті ақпаратты алуға жәрдемдесу.

Объект қызметкерлерін оқыту кезінде олардың назарын мамандардың келесі ұсыныстарына аудару керек.

Кез келген адам кездейсоқ лаңкестер мен қылмыскерлердің тұтқынына айналуы мүмкін. Сонымен бірге тұтқынға алынғандардың өмірі сауданың нысанасына айналады: саяси немесе жеке басының пайдасын көздеген.

Тұтқындарды кепілдікке алу қауіпінің белгілері пайда болған жағдайда мекеме қызметкерлері:

- олардың қолдарына түсіп қалмауға тырысыңыз. Қауіпті аймақтан дереу кетіңіз немесе жасырыныңыз;
- жасырынып, лаңкестердің кетуін күтіп, ғимараттан бірінші мүмкіндікте шығып кетіңіз. Тұтқынға алынуы мүкін тұлғаның бірі лаңкестердің көзіне түсіп қалған немесе олармен кездесу ықтималдығы жоғары болған жағдайларда жасырынған орыныңыздан шықпаған жөн.
- оқиға туралы дереу құқық қорғау органдарына және объектінің штаб басшысына хабарлау;
- объектіге адамдар мен көліктердің кіруін тоқтату;
- мүмкіндігінше басқа қауіпсіздік қызметкерлерін пайдалана отырып, оқиға болған жерге кіру мүмкіндігін шектеу;
- барлық посттардағы күзет қызметкерлерінің қырағылығын арттыру. Объектінің бейнебақылау жүйесін жазу режиміне ауыстыру;
- өз бастамаңызбен лаңкестермен келіссөздерге бармаңыз;
- қажет болған жағдайда тұтқындаушылардың талаптарын орындауға, егер бұл адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірумен байланысты болмаса, лаңкестерге қайшы келмеуге, басқалардың және өз өміріне қауіп төндірмеу;
- лаңкестердің қару қолдануына әкеп соқтыруы мүмкін әрекеттерді тудырмау;
- тұтқындарды кепілдікке алған аумақтан тыс жердегі қызметкерлерді эвакуациялауды қамтамасыз ету;
- тиісті құқық қорғау органдары қызметкерлерінің оқиға болған жерге кедергісіз өтуін қамтамасыз етуге;
- Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігінің арнайы жасақтарының жауынгерлері келуімен олардың командирлерінің сұрақтарына нақты, толық жауап беріп, жұмыс істеуге жағдай жасауға.

Егер сізді тұтқынға алса:

- Өзіңізді ұстаңыз, тынышталыңыз, үрейленбеңіз. Сабырлы дауыспен сөйлеңіз.
- Қылмыскерлердің көрсеткен қиыншылықтары мен қорлығына табандылықпен, ұстамдылықпен төтеп беру, олардың көзіне қарамай, арандатушылық әрекеттерге бармау керек.
- Қылмыскерлерді физикалық күш немесе қару қолдануға итермелейтін әрекеттерден аулақ болыңыз.
- Қылмыскерлердің талаптарын орындаңыз, оларға қайшы келмеңіз, сабыр сақтаңыз, дүрбелеңге жол бермеңіз.
- Мүмкін болатын сынаққа физикалық және психикалық дайындалыңыз.

- Тұтқындаушыларға жек көру немесе менсінбеу әрекеттерін көрсетпеңіз.

- Ең басынан бастап (әсіресе бірінші сағатта) барлық қылмыскерлердің нұсқауларын орындаңыз.

- Кез келген әрекеттерді орындау үшін тұтқындаушылардан рұқсат сұраңыз: отыру, тұру, су ішу, дәретханаға бару және т.б.

- Өз мінез-құлқыңызбен лаңкестердің назарын аудармаңыз, белсенді қарсылық көрсетпеңіз. Бұл жағдайыңызды нашарлатуы мүмкін.

- Қашуыңыз сәтті болатынына толық сенімді болмасаңыз, қашуға тырыспаңыз.

- Қылмыскерлер туралы мүмкіндігінше көп ақпаратты есте сақтаңыз (саны, қаруы, олардың түрі, әсіресе сыртқы түрі, дене бітімі, акценті, әңгіме тақырыбы, темпераменті, жүріс-тұрысы).

- Өзіңіздің орналасқан жеріңізді анықтауға тырысыңыз (сізді қамауда ұстаған жерді).

- Мүмкіндігінше, өмірге қауіп төндірмейтін кез келген қолжетімді байланыс әдісін қолданып, сақтық танытып, оқиға туралы құқық қорғау органдарына, қауіпсіздік бөліміне немесе нысанның күзет қызметіне хабарлауға тырысыңыз.

- Тамақтанудан бас тартпаңыз. Бұл күш пен денсаулықты сақтауға көмектеседі.

- Егер сіз жарақат алсаңыз, өзіңізге алғашқы көмек көрсетуге тырысыңыз.

- Ең бастысы, қылмыскерлер өз-өздерін ұстай алмай қалған жағдайға жетсе де, үрейленбеу.

- Терезелер мен есіктерден және лаңкестердің өздерінен алысырақ орналасыңыз. Бұл шабуыл кезінде сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету және қылмыскерлерге мергендердің оқ атуына кедергі келтірмеу үшін қажет.

Арнайы күштердің қызметкерлері тұтқынға алынған адамдарды босату операциясын жүргізген кезде келесі талаптарды сақтау қажет:

- еденге төмен қарап жатыңыз, мүмкіндігінше қабырғаға жақын орналасып, басыңызды қолыңызбен жауып, қозғалмаңыз;

- ешбір жағдайда арнайы жасақ қызметкерлеріне қарай немесе олардан қашуға болмайды, өйткені олар жүгіріп жүрген адамды қылмыскер деп санауы мүмкін;

- мүмкіндігінше есіктер мен терезелерден алыс болыңыз;

- егер шабуылдау және тұтқындау кезінде жәбірленушіге әлеуетті қылмыскер сияқты бастапқыда (анықтау алдында) дұрыс емес қараған болса, ашуланбаңыз. Босатылған кепілді тінтуге, қолына кісен салуға, байлауға, эмоционалдық немесе физикалық зиян келтіруі және жауап алуы мүмкін. Бұған түсіністікпен қарау керек, өйткені мұндай жағдайларда қылмыскерлерге көрсетілетін мұндай әрекеттер (барлық адамдарды түпкілікті анықтауға және нағыз қылмыскерлерді анықтауға дейін) орынды.

Кепілге алумен бірге жүретін барлық оқиғаларды есіңізде сақтауға тырысу керек. Бұл ақпарат құқық қорғау органдары үшін өте маңызды болмақ.

4.7.3. Жарылғыш құрылғыға ұқсас заттар табылған кездегі әрекеттер

Жарылғыш құрылғы болуы мүмкін екендігін көрсететін белгілер:

- табылған затта сымдардың, жіптердің, электр оқшаулағыш таспасының болуы;
- табылған зат шығарған күдікті дыбыстар, сағаттың тықылдаған дауысы;
- табылған заттан бадамға тән иіс немесе басқа да ерекше иіс шығуы;
- табылған заттың ерекше орналасуы;
- табылған затқа орнатылған әртүрлі қуат көздері, антеннаға ұқсас сым және т.б.

Қауіптенуге негіз болатын себептер:

- зат табылғанға дейін күдікті адамдардың болуы;
- жеке, телефон немесе пошта арқылы бопсалау.

Архив қызметкерлерінің жарылғыш құрылғыға ұқсас затты тауып алған кезіндегі әрекеттері:

- Анықталған күдікті затты ұстамаңыз, жақындамаңыз, жылжытпаңыз! Осы нысанның жанында радиобайланысты, соның ішінде ұялы телефондарды пайдаланбаңыз.
- Күдікті заттың табылғаны туралы тікелей басшыға, Архив директорына немесе оның орынбасарларына, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің және Төтенше жағдайлар министрлігінің аймақтық органдарының кезекші пункттеріне дереу хабарлаңыз.
 - Табылған уақыт пен орынды жазып алыңыз.
 - Мүмкіндігінше, қауіпсіздік бөлімшесінің көмегімен күдікті объектіге және қауіпті аймаққа бөгде адамдардың кіруін шектеуді ұйымдастырыңыз.
 - Дүрбелең тудырмаңыз.
 - Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің келуін күтіп, күдікті заттың орналасқан жерін көрсетіңіз.
 - Жарылғыш құрылғыға ұқсас заттың сыртқы түрін, оның табылу уақыты мен жағдайларын сипаттауға дайын болыңыз.
 - Құқық қорғау органдары мамандарының объектіні қарау және жарылғыш құрылғыларды залалсыздандыру үшін жарылыс қауіпі бар аймаққа кіруін қамтамасыз ету, олардың қызметіне қажетті көмек көрсету.

- Әрі қарай құқық қорғау органдары қызметкерлерінің нұсқауы бойынша әрекет ету.
- Дүрбелең тудырмас үшін, не болғаны туралы білуі керек адамдардан басқа ешкімге жарылыс қаупі туралы хабарлауға болмайды.
- Күдікті затты тапқан жағдайда қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жерге жасырыну керек (*ғимарат бұрышы, бағана, қалың ағаш, машина және т.б.*), хабарламадан кейін бақылау жүргізіп, қосымша нұсқауларды күту керек.
- Төменде көрсетілген қашықтықта жарылғыш құрылғыларға немесе күдікті заттарға жақындамаңыз.

Барлық қызметкерлер Архивте аса құнды құжаттар бар екенін есте сақтауы және оның жоғалуын немесе бүлінуін болдырмау үшін ерекше қырағылық танытуы қажет. Қасақана жарылыс болу мүмкін қауіпті нақты қауіп деп санау керек.

Жарылғыш құрылғы немесе жарылғыш құрылғыға ұқсас зат анықталған кезде **ұсынылатын қашықтық және қоршау арақашықтығы:**

– РГД5 гранатасы	– 50м;
– Ф1 гранатасы	– 200м;
– салмағы 200 г тротил шашкасы	– 45м;
– салмағы 400 г тротил шашкасы	– 55м;
– сыра банкісі 0,33 л	– 60м;
– дипломат (кейс)	– 230м;
– саяхатқа арналған чемодан	– 350м;
– «Жигули» авто көлігі	– 460м;
– «Волга» авто көлігі	– 580м;
– шағын автобус	– 920м;
– жүк көлігі (фургон)	– 1240м.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!! Жарылғыш құрылғылар табылған жерде залалсыздандыруды тек Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігінің мамандары жүргізеді!!!

Заттың сыртқы түрі оның нақты мақсатын жасырып, көрсетпеуі мүмкін. Жарылғыш құрылғыларға камуфляж ретінде қарапайым тұрмыстық заттар қолданылады; сөмке, бума, пакет, қораптар, ойыншықтар және т.б., көлік құралдары – ұрланған, қараусыз қалған, иесінің бар-жоғын көрсететін белгісі жоқ және т.б., адамдар көп жиналатын жерде, жарылыс және өрт қауіпті аймақтардың жанында қараусыз орналасқан; әртүрлі орындардағы байланыс түрлері.

Күдікті заттың анықталғаны туралы сигнал алғаннан кейін штаб басшысы қауіпті аймаққа іргелес аумақтан адамдарды эвакуациялауды

ұйымдастырады. Бүкіл нысанды қосымша тексеруді жүргізу үшін қажетті қызметкер санын бөледі.

5. Эвакуация

Адамдарды хабардар ету және оларды шығару үшін жеткілікті уақыт болған кезде оларды эвакуация, архив қорлары мен архив мүлкін қорғаудың ең қауіпсіз әдісі болып табылады.

5.1. Ішінара немесе толық эвакуациялау туралы шешім нақты жағдайға байланысты және оны Архив директоры қабылдайды. Эвакуация директор бекіткен эвакуациялануға жататын жұмыскерлер тізіміне, архив қорларының және Архив жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті аса құнды құрал-жабдықтардың тізімдеріне сәйкес белгіленген аумаққа жүргізіледі. Қалған жұмысшылар тұрғылықты жері бойынша облыстық төтенше жағдайлар органдары арқылы эвакуацияланады.

5.2. Жұмысшыларды түнгі уақытта және жұмыс уақытынан тыс жинау үшін хабарлау келесі схема бойынша жүзеге асырылады:

– Архив директоры Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінен немесе Төтенше жағдайлар департаментінен тиісті өкім алғаннан кейін эвакуациялауды қамтамасыз ететін арнайы бөлімшенің басшылығына, Архив штабының үйлестірушілеріне, полицияның кезекші бекетіне жиналу күні, уақыты және орны туралы телефон арқылы хабарлайды;

– Архив штабының үйлестірушілері телефон арқылы басқа қызметкерлерге хабарлайды. Егер телефон байланысы болмаса, хабарлама тізбек арқылы жүзеге асырылады.

5.3. Жиналу аяқталғаннан кейін адамдарды түгендеу жүргізіледі және оларға әрі қарайғы әрекеттер туралы нұсқау беріледі.

5.4. Белгіленген архив сақтау орындарындағы топтар бірінші кезекте архивтік қорларды және аса құнды құжаттардың сақтандыру көшірмелерін шығаруды қамтамасыз етеді, содан кейін арнайы жасақтардың қатысуымен қажетті құрал-жабдықтарды көшіреді.

5.5. Жұмысшыларды, архивтік қорларды, жабдықтарды алып кету Архив директоры бекіткен маршрут бойынша мамандандырылған күзеттің қадағалауымен жабық көліктерде жүзеге асырылады. Эвакуация аяқталғаннан кейін Архив ғимараты жабылады, ал қауіпсіздікті полиция бөлімшесі қамтамасыз етеді.

5.6. Архив директоры эвакуациядан оралғаннан кейін қабылданған шаралар туралы жедел кеңес өткізеді және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жазбаша хаттама жасайды.

Ланкестік әрекет болуы мүмкін деген күдік болғандықтан эвакуациялау туралы тапсырма алғаннан кейін қызметкерлердің әрекеті.

Объектідегі қызметкерлер өз жұмыс орындарында болса, келесі әрекеттерді ретімен орындау қажет:

- асықпай, дүрбелең тудырмай, ресми құжаттарды сейфке немесе құлыпталатын үстел тартпаларына салыңыз;
- өзіңізбен бірге жеке заттарыңызды, құжаттарды, ақшаны, құнды заттарды алыңыз;
- терезелерді жауып, кеңсе техникасын, электр құрылғыларын, жарықтандыруды өшіріңіз;
- жеке қорғаныс құралдарын өзіңізбен бірге алыңыз және қажет болған жағдайда қолданыңыз (*противогаз, респиратор*);
- есікті кілтпен жауып, кілтті құлыпта қалдыру;
- эвакуациялау сызбаларында көрсетілген маршруттар бойынша үй-жайдан шығу;
- ғимараттан қашық жерге шығу және эвакуациялау командаларын орындау;
- жауапты тұлғалардың рұқсатынан кейін ғана жұмыс орнына оралу.

Төтенше жағдайларды жою жоспарын беруді
және оған енгізілген өзгерістерді тіркеу
журналы

№ п/п	Күні	Құжат түрі	Дана номері	Парақтар саны	Құрылымдық бөлімшелердің атауы	Лауазымы, аты- жөні және алған кезде қол қою
1.	2.	3.	4.	5.	6.	7.

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві

Күні _____ № _____

**Төтенше жағдайлардың алдын алу
және жою жоспарына өзгерістер**

Төтенше жағдайларды жою жоспарының көшірмесі бар барлық тұлғаларға жоспарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар қосымша жіберіледі. Көрсетілген беттерді көшірмеңізден алып тастап, оларды жаңасымен ауыстыруыңыз керек. Ескі беттерді жою керек.

Жұлдызшамен (*) белгіленген жоспар элементтерімен орындаушыларды таныстыру керек.

№№ _____ беттерді жою.

№№ _____ беттерді ауыстыру.

Күні

Күні

Өзгерістер _____ парақта қосымшада берілген

**Архив ғимаратындағы төтенше жағдай туралы
ескерту сигналдары**

«Өрт» – аралығы 1 секунд болатын үзік-үзік дыбыстық сигнал;

«Дабыл» – аралығы 2 секунд болатын «Назар аударыңыз» үздік-үздік дыбыстық сигнал. Дыбыстық сигналдың ұзақтығы 1 минут.

Авариялық-құтқару құралдарының тізімі

1. Портативті өрт сөндіргіштер
2. Өрт гидранттары
3. Өрт сөндіру түтіктері
4. Санитарлық сөмкелер (жеке медициналық қобдишалар)
5. Мақта-дәке таңғыштары, респираторлар
6. Өртке қарсы қалқандар (күрек, лом, ілмек)
7. Төтенше жарықтандыру батареясы
8. Электр шамдар
9. Радиоактивтілік деңгейін өлшейтін құрал
10. Дыбыстық хабар беру құрылғылары (рупор, дабыл)

**Қасақана жарылыс қаупі туралы
хабарламаның бақылау парағы**

Хабарламаны алу уақыты мен күні _____

Қойылатын сұрақтар:

1. Жарылғыш құрылғыны қашан іске қосу жоспарлануда?
2. Жарылғыш құрылғы қайда (ғимарат аумағында, ғимарат ішінде) орналасқан?
3. Жарылғыш құрылғының түрі мен мөлшері қандай?
4. Жарылғыш құрылғының түрі қандай?
5. Құрылғыны қойған кім?
6. Телефон қоңырауы қайдан келіп түсті?
7. Аты-жөні мен орналасқан жерін білу
8. Жарылғыш құрылғы туралы хабарлаушының дауысының сипаттамасы:
(ер, әйел, жас, орта жас, дауыс ерекшелігі, интонация)
9. Бөгде дыбыстар (көшедегі шу, көліктер, басқа дауыстар)
10. Қауіптің нақты тұжырымы
11. Қоңырауды аяқтаудың нақты уақыты
12. Жазып алғаннан кейін қауіп туралы дереу Архив директорына немесе оның орынбасарларына хабарлау
13. Аты-жөніңізді, қоңырау қай телефон нөміріне қабылданғанын, кабинет нөмірін көрсетіңіз

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Астана, 1998 ж.;
2. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2710 Заңы;
3. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І Заңы;
4. «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы № 85 Заңы;
5. «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы № 387 Заңы;
6. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы;
7. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ;
8. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ;
9. «Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 9 тамыздағы № 215 бұйрығы;
10. «Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 Қаулысы;
11. «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысы;
12. «Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіндегі күзетілетін объектіге кіру және ішкі режим туралы» 2022 жылғы 1 қаңтардағы ережесі;
13. «Өрт сөндіруді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 446 бұйрығы;
14. «Өртке қарсы қызметтің жұмыс жарғысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 445 бұйрығы;
15. «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы;
16. Методические рекомендации по планированию действий в рамках единой государственной системы предупреждения и ликвидации чрезвычайных ситуаций на региональном, муниципальном и объектовом уровнях// М., 2021 г.

17. Методические рекомендации по обеспечению сохранности архивных документов при чрезвычайных ситуациях, ВНИИДАД - М., 2021 г.

18. Примерная инструкция о порядке работы государственных архивов при чрезвычайных ситуациях, РосАрхив – М., 2001 г.